

ДОСТИЖЕНИЯ КАЗНУ В ГОДЫ НЕЗАВИСИМОСТИ



2021 год для Казахстана характеризуется знаменательной датой – 30-летие со дня обретения независимости. Несмотря на то, что республика Казахстан является молодым независимым государством, за тридцатилетний период в стране произошли значительные крупномасштабные государственные преобразования. Было произведено радикальное преобразование существовавшей системы экономики, сегодня казахстанцы живут в стране с развивающейся рыночной экономикой, способной интегрироваться в мировую экономическую систему. Казахстан стал лидирующим государством среди стран СНГ и Восточной Европы по привлечению иностранных инвестиций. Существенные реформы коснулись и социальной и пенсионной сфер.

Международная политика Казахстана направлена на достижение международных гарантий суверенитета и независимости нашего государства. Для установления дружественных отношений с зарубежными странами была проведена огромная плодотворная работа. Свыше 120 стран официально признали и установили дипломатические отношения с Казахстаном. Казахстан является полноправным и активным членом ООН, а также укрепляет сотрудничество с наиболее влиятельными международными организациями.

Ведущий университет страны КазНУ им. аль-Фараби является ярким примером международного сотрудничества с зарубежными вузами. Так, например, образовательная программа «Математическое и компьютерное моделирование» в КазНУ была реализована при коллаборации с ведущими зарубежными вузами мира (Делавэрский университет, Universiti Kuala Lumpur (UniKL), Делфтский технический университет, Венгерская академия наук, RWTH Aachen University, Кильский университет, Российский университет дружбы народов, Оксфордский университет

и мн.др.). На кафедре активно ведется научная деятельность, реализуются многочисленные международные проекты, с каждым днем растет публикационная активность среди профессорско-преподавательского состава. Студенты кафедры в обязательном порядке ежегодно участвуют в международной научной конференции студентов и молодых ученых «Фараби Әлемі». Все это в итоге позволяет повысить узнаваемость Республики Казахстан на международной научно-исследовательской арене.

В течение этого тридцатилетнего периода КазНУ стал первым казахстанским ВУЗом, вошедшим в топ-200 лучших университетов мира. Помимо этого университет продолжает занимать высокие позиции и в других международных рейтинговых списках, что только подтверждает его глобальную конкурентоспособность.

**А. ИСАХОВ,
П. ОМАРОВА,**
преподаватели кафедры
математического и
компьютерного
моделирования

БАСПАСӨЗ ТАРИХЫНЫҢ ЗЕРГЕРІ

Қайыржан Бекхожин - қазақ баспасөзінің шежіре беттерінен ерекше орын алатын тұлға. Ұлттық тәл баспасөзіміздің тарихын оның есімінсіз алып қарау мүмкін емес. Профессор Қайыржан Бекхожин қазақ журналистикасының тарихи мұрасын зерттеуші ғалым ретінде ХХ ғасырдың 50-60 жылдарынан бастап ғылыми ортада танылды. Ғалымның сонау отызыншы жылдардағы мемлекеттік университетінің журналистика бөлімінің іргетасын қаласқан жылдардағы еңбек жолы, қаламынан туған публицистикалық зерттеулері бүгінгі тәл баспасөзіміздің өз алдына ғылым болып қалыптасуына үлкен әсерін тигізді.

Қайыржан Бекхожиннің журналистік шығармашылығы 1929-34 жылдарда жарық көрген Павлодар облысы, Кереку аудандық «Колхоз», 1935-39 жылдар аралығында Семей облыстық «Екпінді» газеттерінен бастау алады. Бұл басылымдар арқылы қаламгердің мақала, хабар, репортаж, корреспонденция, рецензия, фельетон жанрларында жазған публицистикалық шығармашылығы қалыптасты.


Қ.Бекхожин «Колхоз» газетінде жазған «Қалың малы 600» деген заметкасында әйел теңдігі мәселесін көтеріп, заң орындарының бұған тиісті жазасын беруін талап етеді. «Қазақ тілін Мырқымбайға жүктей салыпты» деген проблемалық мақалада автор жергіліктендірудің бір түрі Еуропалыққа қазақ тілін үйрету болса, оны авсовот тірестің кадр бөлімі Шишковтың ауызша түрде біреуге жүктей салғандығы проблемаға өзек етілген.

Қайыржан Нұрғожаұлы көркем-публицистикалық очерк жанрын қалыптастыруда үлкен рөл атқарды. Автор очеркте диалог әдісімен қарияны сөйлете отырып, ауқатты бола бастаған қарапайым шаруа адамының өмірі арқылы уақыт мінезін, замана бейнесін тайға таңба басқандай әдемі жеткізген. Диалог арқылы мазмұн жасау - автордың көркем-публицистикалық очерк жазудағы басқалармен салыстырғандағы бір ерекшелігі.

Қайыржан Бекхожиннің «Ала көлеңке» проблемалық очеркі ауыл өмірінің тағы бір келеңсіз көріністерін көз алдыңызға келтіреді. Қыстың аяғында ауылдағы мәдениет үйінің есігінің алдына жиналған жұрттың жиналысқа кіру үшін үш сағат бойы сарыла күтіп тұрғанын суреттегенде, оның оқиғаны қоюлатып берудегі тілдік материалды шебер пайдаланғандығын аңғаруға болады.

Журналистің проблемалық очеркінде, әсіресе, «әдеби тілге үстеме мағына беріп, оның көрікке-көрік қосатын, сол арқылы шығарманың мазмұнын құнарландырып, пішінін ажарландыратын көркемдеу құралдарының бірі - теңеулер» ұтымды көрініс тапқан. Очеркте «тілжік кісен», «жалаң бас шам», «көк ала бас бураның көбігіндей төбедегі ақша мұз» деген сияқты сөздер теңеу ретінде тіл мен стильдік құралдарды атқарып тұр.

Өткен жылдар белесін қайта саралаудан өткізген бүгінгі таңда баспасөз зерттеушісі ғалым Қайыржан Бекхожиннің шығармашылық өмір жолы ұлттық журналистика тарихының дамуымен тығыз байланыста дамыды. Ол біріншіден, қазақ баспасөзі тарихының зерттелуін жоғары деңгейге көтерді, екіншіден, қазақ баспасөзінің бір ғасырлық шежіресін жасауға қатысқан ғалым. Үшіншіден, қазақ журналистикасының теориясы мен



тәжірибесін жетілдіруге де өз үлесін қосты. Төртіншіден, есімдері елге танылмай келген журналистерді қатарға қосуда аянбай тер төкті. Оның ғалымдық позициясы осы төрт салада ерекше айқындала түседі.

Мәселен, «Қазақтың советтік баспасөзі», «Қазақ ағартушылары туралы соны деректер», «Қазақ баспасөзі совет өкіметін орнату және нығайту күресінде», «Айқап» журналы және оқу-ағарту мәселелері», «Шытырман шындық» т.б. публицистік зерттеу мақалалары негізінде 1964 жылы «Қазақ баспасөзінің даму жолдары» деген тұңғыш монографиясы жарық көрді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының ұйымдастыруымен өткізілген бірнеше ғылыми-практикалық конференциялар мен «Бекхожин оқулары» ғалым шығармашылығын ашуға септігін тигізді. Сонымен қатар «Қазақ университеті» баспасынан Қайыржан Бекхожин туралы «Өнегелі өмір» сериясы, «Отандық журналистика тарихынан» атты ғылыми-зерттеу журналының жарыққа шығуы ғалым еңбегін жан-жақты таратып, танытуда айырықша қызмет атқарды.

Қорыта келгенде, профессор Қайыржан Бекхожиннің публицистикалық шығармашылығы мен оның ұлттық баспасөзіміздің елеулі кезеңдерін зерттеуге үлес қосқан жүйелі ғылыми еңбектері ғалымның бүгінгі баспасөз тарихындағы шежірелік тұлғалық бейнесін айқындай түседі.


«Ғалымның өзі өлсе де, хаты өлмейді» демекші, оның жарық сәулелі бейнесі мен шығармашылық қызметі шәкірттерінің жүрегінде мәңгілік ізін қалдыра бермек.

Ғалия МАЙКОТОВА,
Баспасөз және электронды
БАҚ кафедрасының доценті, ф.ғ.к.

В рамках VII Фарабиевских чтений прошла VII Международная научно-практическая конференция «Химические технологии функциональных материалов», организованная Казахстанским национальным университетом им. аль-Фараби совместно с Новосибирским государственным техническим университетом (Россия).

ХИМИЧЕСКИЕ ТЕХНОЛОГИИ ФУНКЦИОНАЛЬНЫХ МАТЕРИАЛОВ

Данная конференция является ежегодной и проводится попеременно в России и Казахстане. Организатор мероприятия – кафедра физической химии, катализа и нефтехимии (зав.кафедрой д.х.н., проф. Аубакиров Е.А.). Целью конференции стало обсуждение актуальных проблем химических технологий функциональных материалов. В мероприятии приняли участие 395 человек, среди которых 253 иностранных участника и 142 студента, магистрантов, PhD докторантов молодых ученых, которые проводят научные исследования в области синтеза и исследования материалов в КазНУ и научно-исследовательских и образовательных учреждениях России. Всего было заслушано и



представлено на обсуждение 132 доклада, из которых 80 устных и 52 стендовых доклада.

Работа конференции проходила по двум секциям:

– научные основы прогнозирования процессов синтеза, модификации и изготовления функциональных материалов, исследование

характеристик новых функциональных материалов, экологические аспекты получения функциональных материалов;

– процессы и аппараты химических технологий, физико-химические исследования каталитических процессов и катализаторов нефтехимии и нефтепереработки.

В выступлениях докладчиков получили отражение современные проблемы синтеза и использования перспективных композиционных и полифункциональных материалов, а также современного гетерогенного и гомогенного катализа. Обсуждения докладов выступавших проходили в дружелюбной и непринужденной атмосфере. По результатам конференции выпущен сборник

трудов конференции объемом 309 страниц, индексируемый в базе данных РИНЦ. Достигнуто соглашение с редакцией журнала ATEC Web of Conferences, индексируемого в базе данных Web of Science, о публикации статей в специальном выпуске журнала.

Конференция прошла на самом высоком научном уровне. Хотелось бы выразить особую благодарность всем организаторам и пожелать участникам данной конференции дальнейших творческих успехов.

Д.Н. АКБАЕВА,
д.х.н., доцент

Н.Т. СМАГУЛОВА,
к.х.н., доцент

МҮМКІНДІКТЕР МЕКЕНІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті халықаралық профессорлар мен студенттерді тартуға, сондай-ақ әртүрлі шет елдермен академиялық байланыстар орнатуға тырысады. Оқу ордасы кез-келген сала бойынша білім мен оқуды жоғары деңгейде ілгерілетуді көздейді. Қара шаңырақтың ұстаздар құрамы әлемдік стандартқа сай болатын нәтижелерді мақсат ете отырып жұмыс атқарады.



Университетте лайықты дәрежеде білім алуға тырысатын студенттерге көптеген мүмкіндіктер жасалған. Қазақстандағы ең үлкен және ең бай кітапханалардың бірі – сөзімізге дәлел.

ҚазҰУ – жас ғалымдарына жайлы жатақханалар ұсынатын студенттер қалашығы. Білім ордасы көрнекті және жан-жақты академиялық бағдарламаларды ұсынады. Жыл сайын 2000-нан астам студент шетелдік білім беру мекемелерінде ғылыми және тілдік тәжірибеден өтеді. Соның ішінде философия және саясаттану факультетіне ерекше тоқтала отыра келеді. Факультет тарихында Қазақстандық психология, философия, саясаттану ғылымдарының негізін қалаушылар Т.Т. Тәжібаев, А.Х. Қасымжанов, Т.К. Мустафин есімдері алтын әріппен жазылған. Ұстаздар ұжымы жеткілікті түрде жоғарғы шығармашылық әлеуетімен, жауапкершілігімен, өзінің кәсібіне және университетіне берілгендігімен ерекшеленеді.

Факультет жылдан-жылға толығып, дамып келеді. Бізге, яғни магистранттарға, факультет беретін

мүмкіндіктер қаншама?! Солардың қатарында ел ішінде немесе шет елдерге академиялық ұтқырлық, ғылыми-конференциялар, өндірістік іс-тәжірибелер де бар. Заман талабына сай халықаралық байланыс жақсы жолға қойылған.

Осындай білім ордасында оқу – әрбір тұлғаның арманы десек қателеспейтін шығармыз. ҚазҰУ әрбір студентке сапалы білім, естен кетпес студенттік өмір, керемет мүмкіндіктер сыйлайды. Осы оқу орнының магистранты ретінде университетіміз толыққанды білім алып, заман талабына сай болу үшін көптеген мүмкіндіктер береді деп айта аламын. Жоғарыда айтылған дүниелерді ескере келе талапкерлер мен болашақ тұлғаларға дұрыс таңдау жасауға кеңес беремін.

М.С. ТҰРЫСБЕКОВА,

педагогика және психология мамандығының 2-курс магистранты

Ж. БАҚТЫБАЕВ,

п.ғ.к., доцент

Биология және биотехнология факультетінде педагогикалық практика аясында онлайн форматта б.ғ.к. Қарлығаш Мұхатаеваның жетекшілігімен «Бүгінгі студент - ертеңгі маман» тақырыбында ашық онлайн іс-шара өтті. Іс-шараға биотехнология мамандығының 3-курс студенттері қатысты.

БҮГІНГІ СТУДЕНТ - ЕРТЕҢГІ МАМАН

Биотехнология бакалавры қызметінің аумағы жан-жақты және арнаулы. Бакалавр тек биотехнологиялық өндірістің технологиясы ғана емес, сонымен қатар өзінде селекционердің, биологтың, экологтың білімдерін үйлестіреді. Олардың қызмет ету ауқымы кең, мысалы, әртүрлі биотехнологиялық өнімдердің өндіріс сұрақтарын шешу және жаңа биотехнологиялық үрдістерді дамыту, энергияның альтернативтік көздерін алу, тағам өнімдерінің биотехнологиясы, биологиялық белсенді заттар және антибиотиктердің синтезі, қоршаған орта жағдайының биологиялық индикаторларын құру және іздеу, микроорганизмдер, өсімдіктер және жануарлардың селекциялары. Осы ғылымның мамандары генетикалық инженерияның ғылыми әдісін қолдану үшін тірі биологиялық ағзаларды, жүйелерді және олардың процесін қолданады. Қарапайым тілмен айтар болсақ, осы мамандардың еңбегінің арқасында жаңа өнім түрлері, өсімдіктер, дәрумендер, дәрі-дәрмектер түрлері жасалады.

Биотехнологтарға бос жұмыс орны көп бола бермейтін себебі, бұл сфера Қазақстан аумағына алғаш XXI ғасырдың басында ене бастады. Әлі де даму үстінде. Биотехнология мамандығын бітірген маман бірден әлеуетті кәсіпорындарда жұмыс жасауы бірталай, алдымен лаборант, технолог болып жұмыс жасап, стаж жиналған соң ғана барып перспектива ашылады. Ағылшын тілі білімі мен компьютерлік бағдарламаларды игеруі де қатты бағаланады.

Диплом алдындағы практика университет тұлғаларын кәсіптік мамандыққа дайындаудағы болашақ мамандарды өз беттерінше ғылыми-зерттеу және өндіріс жұмыстарына араласуға жіберетін қорытынды

кезең болып табылады. Сондықтан да студенттер қазіргі эпидемиологиялық жағдайға байланысты практикалық сабақтардың онлайн форматта өтуі мен аздығы өзекті мәселе екендігін басып айтты.

Іс-шара барысында «XXI ғасыр маманы қандай болу керек?» деген тақырыпта студенттер өз ойларын айтып, пікірталас құрды. Пікірталас кезінде студенттер маманның кәсіптік деңгейі, әріптестерімен қарым-қатынасы, ғылыми-әдістемелік деңгейі қандай болу қажеттігі жайлы ой бөлісті. Сонымен қатар заманауи кәсіби маманның моделін құрастырып, оның бойынан қандай қабілеттердің табылуы тиіс екендігін ашып қарастырды.

Биотехнология алуан түрлі салаларды ұштастыратын мамандық, оны тәмамдаған тұлғалар үшін жұмысқа орналасу үшін кең мүмкіндіктер ашылады. Осы мамандықты алған ЖОО тұлғалары кең мамандар.

Қорыта келгенде жеке тұлғаның кәсіби білікті маман ретінде қалыптастыруына олардың жан-жақты дамуы, бәсекеге қабілеттілігі, іздепаздылығы сияқты қасиеттер үлкен рөл атқарады. Биотехнологтың жұмысын бір-екі сөзбен айтып түсіндіру мүмкін емес. Себебі бұл мамандық медицинаны да, фармацевтиканы да, гендік инженерияны да қамтиды. Әрине, осындай фактілерге байланысты биотехнолог маманның құзыреттілігі жоғары. Кәсіби құзыреттілік, осы салада дамуға деген ұмтылыс әр маманға мансап құруға және өз әлеуетін іске асыруға көмектеседі.

Баршагүл БАЙҚАРА,
биотехнология мамандығының
1-курс докторанты

Жуырда Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы мен Нұрсұлтан Назарбаев қоры жанындағы Ғылыми кеңес «Медицина, биология және фармацевтика даму болашағы» атты VII Халықаралық ғылыми конференция өткізді.

ЖАС ЗЕРТТЕУШІЛЕР БАҚ СЫНАДЫ

Конференцияның мақсаты жас зерттеушілер арасында өзара ынтымақтастықты нығайту, қазіргі зерттеушілердің ең өзекті бағыттарын талқылау және Елбасының көрсеткен стратегиялық бағыттарға сәйкес оларды одан әрі дамыту жолдарын белгілеу.

Конференцияға алыс жақын шет елдерден ғалымдар, жас ғалымдар және студенттері қатысты. Шара биология ғылымы және денсаулық сақтау және дәріхананың өзекті мәселелері секциялары аясында өтті. Еліміздің және басқа да мемлекеттердің озық ғылыми жұмыстары заманауи, өнімді және жаңа концепция бойынша қарастырылды.

Жиында диагностика мен емдеудің соңғы инновациялық әдістері ұсынылды. Бұл дәрігердің тәжірибесіне заман-

ауи теориялық білімді енгізуге, биотехнология мен нанотехнологияның жетістіктерін жаңа көзқараспен қарауға бағыттайды.

Аталған конференцияда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті медицина және денсаулық сақтау факультетінің 2-курс магистранты Динара Демеубаева жеңіске жетіп, бірінші орынның тұғырынан көрінді. Ол өзіне берілген тақырыпты сәтті қорғап, сұрақтарға дұрыс жауап берді. Жеңімпаз жас ғалым Динараны жеңісімен құттықтаймыз.

Гүлнар ҚАПАНОВА,
саясат және денсаулық сақтауды ұйымдастыру кафедрасының меңгерушісі, проф.

Всем тем, кто планирует прохождение обучения по двудипломной программе хочу сказать что это действительно требует внимания, времени и сил, однако результат стоит всех вложенных усилий.

Хочу рассказать как я прошел обучение по двудипломной программе магистратуры. На момент поступления на магистратуру я успел набрать опыт в разных сферах. После окончания университета я служил в армии, получил звание старшего лейтенанта. После армии несколько лет работал в сфере финансов, технического обеспечения и вот в 2014 году решил поступить на программу магистратуры КазНУ им. аль-Фараби по специальности «Информатика и вычислительная техника». После успешного завершения первого курса мы прошли стажировку в Техническом университете в г. Берлин, Германия. Именно в тот момент я понял, что хочу расширить спектр своих научных исследований и взаимодействовать с зарубежными учеными в своей сфере. Таким образом, по окончании стажировки я решил найти возможность прохождения двудипломной программы. Сказать честно, я никогда

ДВА ДИПЛОМА ОТ ДВУХ ЛУЧШИХ ВУЗОВ

не планировал и не мечтал что буду жить в таком городе как Санкт Петербург. Это место где Европейские и Российские традиции переплетены, где живет настоящая интеллигенция, что уж говорить о красоте города. Первый семестр в целом мне дался легко, конечно же были и трудности. Требования к подготовке к экзаменам, к научной работе немного отличались от того, что от нас требовали в КазНУ им.аль-Фараби. Было не сложнее, требования были также высоки, но отличался сам подход к работе.

Заключительный этап магистратуры написание и защита диссертации проходил в двух городах. Я заканчивал исследовательскую работу в Казахстане наряду с экзаменами, а для окончания вернулся в Санкт Петербург, так как необходимо было пройти еще несколько предметов в весеннем семестре. Завершение моей магистерской диссертации заняло несколько летних месяцев. В итоге, в начале июля диссертация была готова к защите. Конечно, я очень сильно

переживал и волновался, но в итоге все прошло успешно.

По приезду в Казахстан я сразу же начал работать и параллельно писал диссертацию для защиты в КазНУ им.аль-Фараби. Мне посчастливилось сдать пройденные предметы и защитить диссертацию в конце осеннего семестра. Поэтому обучение по магистратуре у меня заняло не два, а два с половиной года. В итоге у меня на руках оказалось два диплома от двух лучших ВУЗов Казахстана и России. Сейчас я продолжаю свою научную деятельность, преподаю на кафедре «Информационных систем» факультета «Информационных технологий» Казахского Национального университета им.аль-Фараби. Планирую в ближайшее время поступление на докторантуру по этому направлению.

А.В. БАКИБАЕВ,
ст.преп. факультета Информационных технологий КазНУ

ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСТАНА

Недавно в г. Нур-Султан прошла международная научно-практическая конференция «Филологическая наука в образовательном пространстве современного Казахстана», организованная Казахстанским филиалом Московского государственного университета имени М.В.Ломоносова и Библиотекой Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы.



Конференция была посвящена 30-летию Независимости Республики Казахстан и 20-летию Казахстанского филиала МГУ. Тематика конференции вызвала большой интерес у научного круга, в работе конференции приняли участие более 120 ученых лингвистов, литературоведов, преподавателей вузов, представителей научных организаций, сотрудников библиотек, учителей, докторантов и студентов. Работу конференции открыл директор Казахстанского филиала МГУ имени М.В. Ломоносова, доктор экономических наук, заслуженный профессор Сидорович Александр Владимирович. В своей речи он рассказал о деятельности и развитии филиала, поблагодарил организаторов конференции, а также всех участников за активный интерес к конференции.

С приветственной речью выступил проректор по научно-инновационной деятельности КазНУ им. аль-Фараби Рамазанов Тлеккабул Сабитович, который отметил вклад Казахстанского филиала МГУ им. М.В. Ломоносова в образовательное пространство РК. С пленарными докладами выступили доктор филологических наук, профессор Элеонора Дюсеновна Сулейменова и доктор филологических наук, профессор Н.Ж.Шаймерденова, на высоком уровне представившие актуальные направления филологической науки Казахского национального университета имени аль-Фараби.

В работе секционных заседаний активное участие приняли ученые и молодые исследователи КазНУ им. аль-Фараби: д.ф.н., доцент

Мусабекова У.Е., д.ф.н., профессор Касымова Р.Т., к.филол.н., доцент Пшенина Т.Е., к.филол.н., доцент Сарсекеева Н.К., к.филол.н., доцент Базарбаева А.С., старший преподаватель Новикова С.В., а также докторанты Асабаева А.М., Кузнецова И.Н., Сейтказы Ә.А., Гао Яньжун, Хамитова М. Н. Доклады участников конференции были посвящены актуальным проблемам филологической науки в современном образовательном процессе Казахстана. Конференция стала важной площадкой по обмену опытом между казахстанскими и российскими учеными-лингвистами флагманских университетов Евразийского образовательного пространства.

Н.Ж. ШАЙМЕРДЕНОВА,
У.Е. МУСАБЕКОВА

МЫҢ ШАҚЫРЫМ ЖОЛ...

Бүгінгі студент - ертеңгі түлек. Түлеп ұшқан түлектерінің қатарынан, білім нәрімен сусындатқан құдығын, ендігі өзінде бар құндылықпен толтырмаққа асыққан, елге елеулі азаматтың шығуы - қасиетті қарашаңырағымызға үлкен абырой.

Әр буынның өзіне тән әуені болады. Заман ағыны қоғамды қалай тез өзгертсе, қоғамның қажеттіліктері де дәл сондай қарқынмен жетіліп отыр. Әр буын өкілі өзімен бірге заманына сай жаңалықтар мен өзгерістер ала келеді. Ал, жалындаған жас буын өкілін ескі тәсілмен басқару мүмкін емес. Жаңа ұрпаққа қол бастау үшін, ақылға қонымды, әділетті, тамырын тереңге жіберетін жаңа басқару түрлерінің жетіліп, парасат-пайымы жоғары басқарушылардың легі ауысып отыруы керек. Сондықтан, бұл орынға Университетіміздің өткен тарихын зерделеп, бүгінгі тыныс-тіршілігін байыптап, ертеңіне шынайы алаңдаушылық танытқан күйде нақты жоспарлармен, біздерге дұрыс бағдар беретін тұлғаның келетіндігіне сенгенбіз.


Қасиетті білім ордасында 15 жылға таяу ұстаздық еткен, Жансейіт Қансейітұлы Түймебаевтың басшылықты өз қолына алғаннан бері, онлайн жүйеде болсақ та жасап жатқан

жаңалықтары рухымызды сілкіндіріп, жасап жатқан істерімізге ерекше серпін берді. Және, бұл жаңашылдық, әлемдік білім беру жүйесінде өз биігімізді бағындыруға, үлкен септігін тигізіп, жақында ғана университетіміз, QS рейтингінде 165-орынды иеленіп, өзінің білім беру жүйесінің озық екендігін тағы бір рет дәлелдеген болатын.

Әрине, бұл - біздің шың емес! Мұндай қарқынмен жұмыс жасау жалғасын тауып отырса, бағындырар белестеріміздің әлі де көп екендігіне сенеміз. Және, ұлтымыз бен заңымызға құрмет көрсетудің үлгісі болып, ұлттық сана-сезімді, ұлттық рухты күшейту жолында жасап жатқан жаңалықтарымен келген Ректорымызды, мақтан етеміз және қашан да қолдауға дайынбыз!

А. ӘЛМАХАНБЕТ,
химия мамандығының 304-ші топ студенті

Б.Б. ТҮСПОВА,
х.ғ.к., доцент



Еліміз Тәуелсіздікке қол жеткізген күннен бастап білім мен ғылым саласына айрықша көңіл бөлуде. Дамыған елдер қатарына ену үшін сапалы білімнің орны айрықша.

САЛИҚАЛЫ ҰРПАҚ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ



дейінгі білім беру факультетінің құрамына енгеннен бастап ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек етіп келе жатқан ұстаздарымыздың біліктілігі мен еңбектегі жетістіктері бағаланып, жоғары марапаттар иеленген. Мәселен, А.Әсебаева – ҚР «Білім беру ісінің үздігі», «Білім беруді дамытуға қосқан үлесі үшін» медальдарымен, Қазақстан Ұлттық ЮНЕСКО клубтары федерациясының және «Қажырлы еңбегі үшін» марапаттарын иеленді. Ч.Мадиярова – ҚР «Білім беру ісінің үздігі», ҚР БФМ «Құрмет грамотасы», Қазақстан Ұлттық ЮНЕСКО клубтары федерациясының марапатымен қатар, мектеп оқулықтарына сарапшы болды. С.Габдушева – ҚР «Білім беру ісінің үздігі», Алматы қаласы білім басқармасының «Құрмет грамотасы», «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – 75 жыл» құрмет белгісімен марапатталған. Сол сияқты білім жолында қажырлы еңбектері үшін М.Аппақова, М.Ахметова, Г.Пиримжанова, М.Шайхынова, Р.Жазықбаева, Р.Алимова, Ш.Мусалаева, Д.Ерғали,

Б.Рысбекова, М.Харасова сынды жоғары санаттағы білімді ұстаздарды да атап өткіміз келеді. Қай кезде болсын кез келген бастама ұстаздан басталады. «Ұстаз болу – жүректің батырлығы», – дейді дана халқымыз. Ел билігін ұстаған басшыдан қарапайым жұмысшыға дейін бас иетін ұстаздар қауымына қандай марапат, мақтау айтылса да жарасары анық. Осы орайда, «Ұстаздық еткен жалықпас, Үйретуден балаға», – деген ұлы Абайдың ұлағатты сөзі еріксіз ойға оралады. Заманауи қоғамда зиялы азаматтар тәрбиелеп келе жатқан рухы мықты, өз білімін келешек ұрпаққа бар күш-жігерімен жұмсай білген ұстаздарымыздың бірі – Майра Кенебаева.

Майра Аханбайқызы оқу-ағарту жүйесінде үзліссіз 35 жыл қызмет атқарып келеді. Соның ішінде 15 жылдан артық уақытын Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ колледжіне арнаған. Қазіргі таңда жоғары деңгейлі санаттағы ағылшын тілі пәнінің оқытушысы. Майра ағайымыз педагогикалық шеберлігімен,

терең дүниетанымымен және білім-ғылымға сіңірген еңбегі үшін ҚР «Білім беру ісінің үздігі», ҚР БФМ «Құрмет грамотасы», «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – 75 жыл» құрмет белгісі сынды сансыз марапаттарға ие болды. Білікті де білімді ұстаздан білім алған колледж түлектері тек Қазақстанның жоғары оқу орындарында ғана емес, сондай-ақ ТМД елдерінде, алыс шетелдерде де білімдерін жалғастырып жатыр.

Біздің түлектеріміз еліміздің әртүрлі қызмет ету салаларында табысты еңбек етуде. Бұл біз үшін үлкен мақтаныш әрі жетістік.

Еліміз Тәуелсіздіктің бесігінде тербелгелі – 30 жыл. Колледж ұжымы ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеуде еліміздің «Мәңгілік ел», «Рухани жаңғыру» бағдарламаларында көрсетілген мәселелерден де шет қалмауда. Еліміздің білім-ғылымының дамуына зор үлес қосып келе жатқан Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің колледжі кәсіпті және техникалық білім беретін оқу орындарының алдыңғы қатарында. Білім мен тәрбие беруде шәкірттерінің жүрегінен жол та ба білетін ұлағатты ұстаздарымыз бен саналы, салиқалы түлектер мемлекетіміздің қарқынды дамуына үлес қосары анық.

Әлия БІРАХМАНОВА,
ҚазҰУ колледжі оқу бөлімінің меңгерушісі

Әділет ЕҒЕУБАЕВ,
ҚазҰУ колледжінің оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

ТӘУЕЛСІЗДІК ФИЛОСОФИЯСЫ

Мемлекет басышының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы ел тәуелсіздігінің тұғыры тұрасында баяндай келе, әрбір онжылдықтағы атқарылған игілікті істерді тиянақтап, болашақта да жалғасын табуы тиіс мәселелер ауқымын ұсынып, озық елдің үлгісінің бағдарларын атап көрсетті.

Тарихи санадағы отаншылдықтың келбетінің қазіргі заманмен сабақтастығы сақталып отыруы да табиғи заңдылық екендігіне тоқталды. Бүгінгі таңда еліміздің әлеуметтік институттары мен мекемелері өз салалары мен атқарар қызметтері бойынша тәуелсіздіктің айғағын айшықтап қана қоймай, оны баянды студенттік бағдарларын ұсынып келеді. Осы бағытта еліміздегі оқу орындары да үгіт-насихаттық жұмыстарды тынбай атқарып келеді.

Бұл тұрғыда «Кіші Фараби» академиясының ұйымдастыруымен ҚР Тәуелсіздігінің 30-жылдығына арналған zoom платформасында «Тәуелсіздік философиясы: қырлары мен сырлары» атты республикалық конференция өтті. Аталған конференцияда елімізге танымал ғалымдар: филос.ғ.д., І. Жансүгіров атындағы Жетісу

университетінің профессоры – Аманжол Қасабек, филос.ғ.д., М.Оспанов атындағы БҚМУ профессоры – Алтай Тайжанов, филос.ғ.д., профессор, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері – Мұрат Сәбит, филос.ғ.д., М. Тынышбаев атындағы ҚазҰУ профессоры – Серік Мырзалы, филос.ғ.д., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры – Тұрсын Ғабитов, филос.ғ.д., ҚР БФМ ҒК Философия және саясаттану институтының бас ғылыми қызметкері – Серік Нұрмуратов, саясаттану докторы (PhD), Тұран университеті халықаралық қатынастар және аймақтану кафедрасының меңгерушісі – Жеңісбек Төлен және философия кафедрасының ұстаздар қауымы қатысып, ел тәуелсіздігін философиялық тұрғыдан негіздеп беруге атсалысты. Іс шараға кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы және университет студенттерінен қатар өзге оқу орындарынан қонақтар қатысты.

«Кіші Фараби» академиясының жетекшісі – филос.ғ.к., доцент Л.Ә. Асқар қатысушыларды һәм барша Қазақстандықтарды еліміздің тәуелсіздігінің мерейлі 30-жылдығымен құттықтап, конференцияның ашылу рәсіміне байланысты сөзді – ф.ғ.к., кафедра меңгерушісі Құранбек Әсет Абайұлына берді. Ол өз сөзінде философия қауымының, соның ішінде конференцияға қатысушы ғалымдардың ұлттық философияға қосқан үлесін атап өтіп, қонақтар мен қатысушыларға ризашылығын білдіре отырып, сәттілік тіледі.

Келесі сөз кезегі ел тәуелсіздігінің бастапқы жылдарында факультет деканы қызметін атқарған қазақ философиясының негізін қалаушылардың бірегейі – филос.ғ.д., профессор Аманжол Қасабек мырзаға берілді. Ол кезегінде қазақ философиясы негіздеу үдерісінде отыз жыл ішінде атқарылған және әлі де алда арқарылуға тиіс жұмыстар туралы, оның бағыттары мен мәселелері жөнінде айта келіп, осы уақытқа дейінгі жұмыстың барлығы қазақ философиясының тек кіріспесі ғана екенін атап көрсетті. Келесі сөз алған филос.ғ.д., профессор А.Т. Тайжанов. «Ел тәуелсіздігіне философиялық көзқарас баяндамасында тәуелсіздік және оның философиясы, білім жүйесі, конституция мен жер мәселелері, тәуелсіздікті жаһандану кезеңінде қауіптен сақтап қалу мүмкіндіктері туралы сөз қозғанды. Қазіргі таңда тәрбиенің осы жаһанданудан үлкен зардап шегіп жатқанын, сол себепті этномәдени білім мен тәрбиенің аса қажеттігі туралы ойын ортаға салды. Конференция барысында профессор Г.Ж. Нұрышева «Қазақ философиясы» интернет қауымдастығы және оның сайты ашылғандығы туралы хабарлап, осы қауымдастыққа құрметті мүше ретінде қонақтарымыз – А. Қасабек, М. Сәбит, А. Тайжанов, Т. Ғабитов т.б. шақырды. Профессор, ҚР мемлекеттік сыйлығының лауреаты Мұрат Сәбитұлы «Өскеген ұрпақ тәрбиесі тәуелсіздік кепілі» тақырыбы бойынша ой қозғап, тәрбиенің басы – қазақтың

өз тілінен, дәстүрлі қазақ мәдениетінен, билер мен жыраулардан бастау алатынын, оны қайта жаңғырту керектігін, компаративистикалық зерттеуді қажет ететінін айтты. «Тәуелсіз Қазақстанның білімі мен ғылымына философиялық пайым» баяндамасында филос.ғ.д., профессор Серік Мырзалы, «Тәуелсіздіктің мәдени-өркениеттік өлшемдері» баяндамасымен Тұрсын Ғабитов, «Тәуелсіз елдің рухани құндылықтары» баяндамасымен Серік Нұрмуратов, «Тәуелсіздік – мемлекет дамуының кепілі» баяндамасымен Жеңісбек Төлен, «Тәуелсіздік және рухани жаңғыру» баяндамасымен Әсет Құранбек мырзалар ойларын ортаға салды. Баяндамалар барысында студенттер тарапынан қойылған әр қилы сұрақтарға нақтылы жауаптар беріліп, қызу талқылаудан соң, конференция модераторы қатысушыларға алғысын айтып конференция жұмысын аяқтады.

Л.Ә. АСҚАР,
ҚазҰУ-дың философия кафедрасы, «Кіші Фараби» академиясының жетекшісі, ф.ғ.к., доцент

Д.П. ПЕРНЕБЕКОВА,
ҚазҰУ-дың философия кафедрасы, «Кіші Фараби» академиясының қосалқы жетекшісі

«SANALY URPAQ» ЖОБАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ



Күні бүгінде жемқорлық секілді әлеуметтік құбылыс трансұлттық деңгейге көшті және бір ғана елге емес, әлемдік қауымдастыққа қауіп төндіріп отыр. Мұның бір көрінісі Біріккен Ұлттар Ұйымының жемқорлыққа қарсы Конвенциясы, Жемқорлық үшін қылмыстық жауаптылық туралы Конвенцияларының қабылдауы болып табылады.

Еліміз үшін сыбайлас жемқорлық саяси, экономикалық өсіп-өнуімізге кедергі болып, ұлттық қауіпсіздікке төнетін қауіп-қатерге айналды. Бұл мәселе 2012 жылдың 6 қаңтарында қабылданған Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы Заңының 6-бабында баяндалған.

Мемлекет тарапынан жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау үшін және оған төтеп беру үшін құқықтық актілер қабылданып, халықаралық конвенциялар бекітіліп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия қабылданды. Сонымен қатар, жемқорлыққа қарсы түрлі қоғамдық қозғалыстар құрылды, жемқорлық құбылысын зерттеуге бағытталған орталықтар мен институттар ашылды.

Тиісті бағытта жасалып жатқан жұмыстың мысалы болып 2018 жылдың 19 сәуірінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ негізінде «Sanal Urpaq» Жобалы Кеңесінің ашылуы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы технологиялар» Ғылыми-зерттеу институтының құрылуы және осы университетте қызмет атқарып келе жатқан «Азаматтық бақылау» Қоғамдық қабылдау жобасы болып табылады. Қазіргі кезде «Sanaly urpaq» Жобалы Кеңесінің бастамашылығымен Алматы қаласының білім беру мекемелерінде білім беру саласында сапаны арттыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы технологияларды жетілдіру проблемаларына арналған көптеген түрлі іс-шаралар жүргізіліп жатыр. Бұл іс-шараларда академиялық саясат мәселелері, бюджет қаражатын жұмсау, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, оқу процесін жетілдіру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы технологиялардың тиімділігі және тағы басқа мәселелер кеңінен талқылануда. Оған дәлел, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің заң факультеті мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми ізденістер жүргізуінен, жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау мақсатында түрлі халықаралық, республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізуінен және тағы басқа іс-шаралар ұйымдастыруынан көруге болады.

Ернұр ОНДАШҰЛЫ,

Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі